

«реальным» человеком, он может испытывать скуку или интерес, сердиться или симпатизировать им.

2. Второе направление – «одобрение» или «принятие», то есть уверенность учителя в способностях детей, вера в каждого учащегося. Суть способа состоит в принятии ученика такого, какой он есть, со своими особенностями и личными чертами характера.

3. Третье направление – «эмпатическое понимание». Оно отличается в видении учителем внутреннего мира и поведения каждого учащегося с его внутренней позиции.

Таким образом, будущему учителю еще во время учебы необходимо выявить закономерности самосовершенствования, самокоррекции и самоорганизации деятельности под влиянием новых требований, идущих извне, от профессии и общества, так и изнутри, от собственных интересов, потребностей и установок, осознанием своих собственных способностей и возможностей. Поэтому особую актуальность приобретает сознательное и эмоциональное принятие будущими учителями избранной профессии, которая должна приносить высшее удовольствие, составлять смысл и счастье жизни.

Список литературы:

1. Зеер Э.Ф., Павлова А.М. Психология профессионального образования: практикум: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Э.Ф. Зеер, А.М. Павлова. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 144 с.
2. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. М.: Академия, 2004.

ВОЛЕЙБОЛ ОЙНАУДА ҚОРҒАНУДЫҢ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ

Ибрагим А.М.

Ы.Алтынсарин ат.

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының студенті

Ғылыми жетекшісі: Бейсенбаев С.Қ. -

«Дене мәдениеті және спорт»

кафедрасының аға оқытушысы

Қорғану тактикасының қимылы тосқауыл қоюмен, допты нәтижелі қабылдап алумен және шабуылшы соққыларына қарсы әрекет жасаумен қатар сақтандыру добымен тікелей байланысты үш түрі болады: 1. Тосқауыл қою. 2. Шабуылшы соққысынан берілген допты қабылдау. 3. Сақтану тәсілдері.

1. Тосқауыл қою.

Шабуылшы соққысынан команданың бірінші кезекте қорғанудың ең маңызды түрі-қарсыластарына тосқауыл қоя білу негізгі мақсат болып табылады. Тор үстіне қолды қоя біліп, допты шабуылшы соққысына қайтарып отыру ретін білу керек. Бұл қимылды бір ойыншы ғана орындайды, бұны бір ғана тосқауыл дейді. Ал екі немесе одан да көп ойыншылардың тосқауылдары топ бойынша берілген тосқауыл болып есептеледі. Бір ойыншының жасаған тосқауылы негізгі тосқауыл тәсілі болып табылады. Тосқауыл қою үшін қолды жоғары көтере секіру керек. Қолдың саусақтарын жазып ұстау қажет. тосқауыл қойған кезде дене мүшелері торға тиіп кетпеуі керек ондай жағдайда ойын ережесі бұзылған себептен доп қарсылас командаға беріледі [1-сурет. Тосқауыл қою].

2. Шабуылшы соққысынан берілген допты қабылдау.

Мұндай қимылда қорғанудың басты мақсаты арттағы сызық бойымен допты асығыстық қылмай төменгі жағынан қабылдау ыңғайлы [2-сурет. Шабуыл соққысын қабылдау].

Допты қабылдау сапасының нашарлығын волейболдағы техникалық шеберліктің нашарлығынан, жеке бастың немесе командалық әдістің жеткіліксіздігінен көруге болады. М.Е.Амамян ойыншыларға жеке бастың әдістері туралы өз пікірін айтады [1, 67].

1. Орынды дұрыс белгілеу, ыңғайлы жағдай туғызу

2. Допты алудағы қажетті тәсілді дәл қолдану

3. Қарсыласына күтпеген жағдайда допты беру және алдандырып жасырын түрде байқатпай соғу.

Жасырын допты алу үшін ойыншының қай бағытта дайындалып тұрғандығын тиянақты бақылап, басқа бір жаққа бағыттау қажет. Командалық әдістеде белгілі - бір қашықтықты және ойыншылардың арақатынастарын мұқияттап белгілеу қажет. Спорт өнеріне еңбегі сіңген шебер Г.Мондзолевскоғоның айтуы бойынша команда ойыншылары шабуылшылардың қандай дәрежеде дайындалып келгендеріне көңіл бөлу керек [1, 66].

Қарсыластар допты қалай беруге дайындалып тұрғандықтарын анықтап бақылау өте қажетті. Бұл жағдайды анық білген жағдайда волейболшылар алаңда тұру қашықтықтарын керекті әдіске байланысты реттеу қажет.

Қорытындылай келгенде, әрбір ойыншы доп алудың негізгі бағытын жоғары көтерілген допты қалай соғудың белгілі орынын және допты қабылдаудың қажетті тәсілдерін өте жақсы меңгеруі керек.

3. Сақтану тәсілдері.

Сақтану тәсілдері көптеген жағдайларда болу мүмкін: жекелеген ойыншының нашар қимылдауынан, допты алып үйренудің әдістеріне сәйкес келеді. Оларды командадағы жолдастары қорғап тұрулары қажет. Сақтану кезіндегі үнемі қажеттілік шабуылшы соққысынан және тосқауыл қоя білуден туындауы мүмкін. Секірген уақытта шабуылшы да тосқауыл қоюшы да басқалай қозғалыс жасау тәсілін әр түрлі мүмкіндіктерімен көрсетуге болады.

Бірінші тәсіл - әрбір алты ойыншыдан бір ойыншыны арнайы түрде тосқауылға қояды, алаңдағы бірінші және бесінші ойыншыдан гөрі бұл ойыншы тапсырманы ертерек орындауы қажет.

Екінші тәсіл – барлық ойыншы алаңдағы сызық бойынша қарсыластарына соққы беру түрін алдын - ала ойластыру керек.

Тактиканың құрамына допсыз жеке дара және топтық (ойынның мазмұнын білу, аулада өзгеріп отыруы, таңдаулы орын, қозғалыстың жақсы жүргізілуі, ойынның жылдамдығы) және доппен (доптың берілуі, доптың қабылдануы, қарсыласқан соққылар, лақтыру кезінде және кедергі жасайтын қозғалыстар) қимылдар кіреді.


Допсыз, жекелей тактикалық қозғалыс.

Ойынның мақсатын немесе мәнін білуде ең маңыздысы қарсыласынан көз алмай ойнау және тактикалық әдістер қолдана білу қажет. Мұның сыртында көрермендердің жаңа бейнелері әсер етеді, алдын ала тактикалық әдістерге дайын болуы керек. Ойынның мәнін білуде алдын ала тактикалық қозғалыстар құрылған. Сонымен доптың дұрыс сол уақытта берілуі қарсыласының қимылына байланысты және басында доптың айналуы және қарсыласының допты дұрыс бермеуі әсер етеді.

Сондықтан дайындық уақытында тек қана техникалық әдістер емес, сонымен қатар тактикалық әдістерді үзбей жасап отыру қажет. Сонымен қимылға көңіл бөлу және алдын ала доптың қайда берілгеніне көңіл аудару қажет.



1-сурет. Тосқауыл қою.



2-сурет. Шабуыл соққысын қабылдау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Железняк Ю.Д. , Ивойлов А.В. Волейбол.-М.,1991.
2. Жалпы мектептерге арналған дене тәрбиесінің бағдарламасы. –Астана, 2003.
3. Матвеев Л.П. Дене тәрбиесінің теориясы мен тәсілі -М. , 1987.
4. Спорт ойындары жинағы. - А., 1988.

ШЕТ ТІЛДЕР САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мусатова А.У. ҚМПИ

*шет тіл: екі шет тілі мамандығының
3 курс студенті,*

*Шалғымбекова Ә.Б, педагогика кафедрасының
аға оқытушысы, ғылыми жетекшісі*

Ойын–бұл қоғамдық тәсілді меңгеру мақсатында, ситуациялық жағдайда, бағытты түрде іскерлігін көрсететін, өзін-өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет. Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптасырады. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді.

С.Л. Рубинштейн жазған: «Адамның ойыны–іс-әрекеттің нәтижесі, сол нәтиже арқылы адам қоғамды өзгертеді және шындықты дәлелдейді». М. Жұмабаев былай деп жазады: «Баланың қиялдануы өте ашық ойын арқылы көрінеді. Ойын, бала үшін, ең негізгі еңбек болып табылады».

Ш.А. Амонашвили айтуы бойынша: «Баланың 7-9 жас аралығында жедел дамуының көп қызметтері іске асады, сол себептен баланың ойынға деген құштарлығы осы кезеңде өте жоғары. Сондықтан баланың дамуын басқаратын ойын іс-әрекет түріне айналады. Ойында баланың адамдарға, қоршаған ортаға жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасады».

Балалар ойыны – бұл жасанды, арнайы, саналы түрде ұйымдасқан балалардың ойын қызметі, сонымен қатар ол алдағы өмірге, еңбекке дайындығына бағытталған. Ол ерте білім беру формасының бірі болып келеді, ойын оқу үдерісінің негізгі құралы - балалардың алдағы өмірге дайындығы, деп айтуға болады. Ойынның маңызды мақсаты: өзін ашық айқын көрсете білуі. Әр бала рольде ойнаған кезде өзіне тән мінез-құлықпен, іс-әрекетпен көрінуі тиіс. Осы ережені әр бала мойындап, орындайды.

Ойынның негізгі ерекшелігі: ол балалардың қоршаған ортаны – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады.

Ойын:

- бала ортамен тығыз байланыста болады;
- баланың дүниетанымын, іс- әрекетін шындайды;
- бала белсенділігі артып, ережені өзінше меңгеріп, оған аса көңіл аударады;
- баланың ішкі сезімдері анық көріне бастайды;
- балалар ұжымын ұйымдастыруға, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ойынның атқаратын қызметтері:

- көңіл көтеру, жандандыру;
- қызығушылығын арттыру;
- коммуникативтік: сөйлеу тілін ұстарту;
- ойын терапиясы: өмірде кездесер түрлі қиындықты жеңу жолдарын көрсетеді;
- диагностикалық: қалыпты тәртіптен ауытқуды табу, ойында өзін-өзі тануға көмектесу;